Бекітемін
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің Ректоры
_______________ Ж.Темірбекова
«18» 09 2024 ж

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ

# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН МЕДИЦИНА ФАКУЛЬТЕТІНІҢ 2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯСЫ

Медицина факультетінің деканы
___________________ Г. Нускабаева

*Даму бағдарламасы Басқару Кеңестің*
*№1 мәжілісінде қаралды*
(11.09.2024 ж.)

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық
Қазақ-Түрік университеті
Сапа менеджментінің жүйесі
БАҚЫЛАУ ДАНАСЫ
№ 10
«18» 09 2024 ж.

Түркістан-2024 ж.

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН МЕДИЦИНА ФАКУЛЬТЕТІНІҢ 2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯСЫ**

**КЕЛІСІЛДІ**

| | | |
|---|---|---|
| Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры | ____________ | А. Ошибаева |
| Академиялық мәселелер вице-ректоры | ____________ | Э. Идрисова |
| Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры | ____________ | Е.Төлегенов |
| Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры | ____________ | М. Гиритлиоглу |
| Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы | ____________ | С. Кырыкбаева |

# МАЗМҰНЫ

**1.** Сыртқы орта мен ағымдағы жағдайды талдау
**1.1.** Медицина факультетінің академиялық бағыты
**1.2.** Медицина факультетінің ғылыми-зерттеу бағыты
**1.3.** SWOT талдау
**2.** Болашаққа көзқарас
**3.** Мақсатты индикаторлар мен тиімділік көрсеткіштерін анықтау
**4.** Стратегиялық бағыт 4: Клиникалық диагностикалық орталықты дамыту
**5.** Мониторинг және бағалау

# 1. СЫРТҚЫ ОРТА МЕН АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

## 1.1 ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен Қазақстан мен Түркия арасындағы үкіметаралық келісім негізінде құрылған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ- түрікуниверситеті (бұдан әрі – АхметЯсауи университеті) түркі тілдес елдердің жастарынан заманауи жоғары білікті мамандар даярлау мақсатында түркі әлемінің рухани орталығы – Түркістанда орналасқан.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен Түркия Премьер-министрі Сүлейман Демирелдің 1992 жылғы 1 мамырдағы ресми кездесуі кезінде жоғары оқу орнына «халықаралық университет» мәртебесі берілді.

Бүгінде университет заманауи көп бейінді университет ретінде қалыптасты: жеткілікті материалдық-техникалық база құрылды, оқу ғимараттары, кітапханасы, жатақханалары бар университет қалашығы (кампус) салынды; көп деңгейлі кадрларды даярлау іске асырылуда: жоғары базалық білім (бакалавриат), интернатура, магистратура, резидентура және докторантура.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 15 қаңтардағы Жарлығымен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне ерекше мәртебе берілді.

ХҚТУ медициналық және стоматологиялық факультеттерді қамтитын «толық университеттер» университеттерінің халықаралық санатына кіреді.

Медицина факультетінің 9 кафедрасында профессорлық-оқытушылар құрамы 124-тен астам оқытушылардан тұрады, ғылыми дәрежелі оқытушылар саны 48, оның ішінде 7 ғылым докторы, 35 ғылым кандидаты, 6 PhD докторы, 38 ғылым магистрі, 37 маман сертификаты бар оқытушылар.

**2024-2025 оқу жылындағы ОПҚ сандық-сапалық көрсеткіштері**

| № | Кафедра атауы | Штат бірлігі саны | ОПҚ саны (барлығы) | Зейнет-ік жастағы ОПҚ саны | Штаттық ОПҚ саны | ОПҚ саны 40 жасқа дейін | Ғылыми дәрежелі ОПҚ саны | Оның ішінде 40 жасқа дейін | БББ саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Фундаментальды ғылымдар | 15,25 | 21 | 3 | 21 | 7 | 8 | - | 1 |
| 2 | Арнайы клиникалық пәндер | 22,25 | 27 | 1 | 17 | 18 | 10 | 3 | 2 |
| 3 | Ішкі аурулар | 22,75 | 27 | 2 | 23 | 9 | 11 | 1 | 1 |
| 4 | Хирургиялық аурулар | 18,75 | 29 | 3 | 21 | 7 | 13 | - | |
| 5 | Қоғамдық денсаулық сақтау және ғылыми зерттеулер | 13 | 13 | 1 | 9 | 5 | 9 | 2 | 5 |

Медицина факультеті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады.

Медицина факультеті осы уақыт ішінде жоғары кәсіби және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берусаласында 5 мыңнан астам жас маманды даярлады, олардың ішінде

бүгінде өз Отанының игілігі үшін табысты еңбек етіп жатқан жақын және алыс шетелдерден келгендер де бар.

2024-2026 жылдарға арналған бұл медицина факультетінің даму жоспары төмендегідей нормативтік құжаттардың мақсаттарына, міндеттеріне және негізгі бағыттарына сәйкес әзірленді:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 982 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

3) Түркия Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қызметінің шарттары туралы келісім.

4) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жарғысы.

5) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы. Даму бағдарламасы 24 ақпан 2024 жылғы Өкілетті Кеңестің №76 мәжілісінде талқыланып, бекітілді.

## 1.2 АКАДЕМИЯЛЫҚ БАҒЫТ

Бүгінгі таңда Ахмет Ясауи университетінде 1008 білімгерлербілім алып жатыр (бакалавриат –978 студент, магистратура –8, және докторантура –22), оныңішінде 12 елден 181 студент. Білім беру қызметі білім берудің барлық деңгейлері бойынша саласында 5 білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

2022 жылдан қабылданған жаңа стандартқа сәйкес «Үздіксіз интегралды медициналық ББ» реестрге енгізіліп оқу процесесі жүргізілуде.

2024-2025 оқу жылы Білім беру бағдарламаларына қабылданған контигент саны.

**Білім беру бағдарламалары топтарының контингенті туралы ақпарат**

| № | Білім беру бағдарламасының шифры мен атауы | Контингент | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Барлығы | 1 оқу жылы | 2 оқу жылы | 3 оқу жылы | 4 оқу жылы | 5 оқу жылы | 6 оқу жылы | 7 оқу жылы |
| 1 | ВМ086-Медицина (6В10188 Медицина) | **480** | 113 | 154 | 213 | | | | |
| 2 | В086-Жалпы медицина (6В10155-Жалпы медицина) | **498** | | | | 186 | 312 | | |
| **Барлығы:** | | **978** | **113** | **154** | **213** | **186** | **312** | | |
| 1 | М140-Қоғамдық денсаулық сақтау (7М10144-Қоғамдық денсаулық сақтау) | **4** | 2 | 2 | | | | | |
| 2 | М144-Медицина (7М10131-Медицина) | **4** | 2 | 2 | | | | | |
| **Барлығы:** | | **8** | **4** | **4** | | | | | |
| 1 | D141 Медицина (8D10110-Медицина) | **16** | 8 | 3 | 5 | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | D139 Қоғамдық денсаулық сақтау (8D10111-Қоғамдық денсаулық сақтау) | **6** | 1 | 3 | 2 | | | | |
| **Барлығы:** | | **22** | **9** | **6** | **7** | | | | |

Денсаулық сақтау бағыты бойынша жетекші халықаралық университеттермен стратегиялық серіктестік қарым-қатынас орнату медицина факультетінің институционалды дамуын жеделдетуде маңызды рөл атқарды. Республикамыздағы медициналық ЖОО және Түркия, Өзбекстан Республикаларының жоғары оқу орындары университеттің стратегиялық серіктестері болып табылады. Жалпы, медицина факультетінде12 университетпен ынтымақтастық туралы келісім-шарт пен меморандум жасалды.

Медицина факультеті халықаралық ұйымдармен 7 келісім-шарт, ішкі ұтқырлық бағдарламасы негізінде ҚР медициналық ЖОО-мен 3 келісім-шарт, сондай-ақ ішкі клиникалық базалармен 12 меморандум жасады және жыл сайын алыс және жақын шетел ЖОО-нан мамандар шақырылып, дәріс және тәжірибелік сабақтар жүргізеді, сонымен қатар академиялық ұтқырлық үдерісі жүзеге асырылады.

**Жұмысқа орналасу**

2021 жылы түлектерді жұмысқа орналастыруда көшбасшы орындардың қатарына мемлекеттік, медициналық және білім беру мекемелері (колледждер) және т. б. кірді.

2023 жылы интернатура бойынша түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші 92.7% құрады. Магистратура және докторантура бойынша 100% жұмысқа орналастырылды.

## 1.3 ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ БАҒЫТЫ

Университетте өзінің ғылыми мектептері қалыптасқан, өңірдің әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамуының өзекті мәселелерін шешу үшін ғылыми әлеует жеткілікті деңгейде.

Медицина факультетінде «ҚР Мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ-да бекітілген ҒЗЖ-ның ынталы бағыты бар. Тақырыбы: Түркістан облысы тұрғындарында зат алмасу бұзылыстарының клинико-эпидемиологиялық ерекшеліктері.

5 жоба гранттық конкурсқа қатысып, 2 жұмыс конкурста жеңіп шықты (1. AP19678584 Ерте диагноз қою мақсатында несептас ауруына тән метаболиттердің спектрі мен пайыздық үлесін анықтау – 96 178 760 тг.; 2. AP19676909 10 жылдық проспективті зерттеуде метаболикалық синдромы бар науқастардың тамақтану ерекшеліктерін, өмір салтын және комплаенттіліктің генетикалық аспектілерін зерттеу – 91225000 тг.).

Сонымен қатар, «Salauatty Yassawi» жұмыс тобы «Салауатты университеттер» жобасын жүзеге асыруда.

Рейтингтік ғылыми журналдардағы (Scopus, Elsevier, Clarivate Analytic,Web of Science) жарияланымдар: Q1-2, процентиль 50-ден жоғары – 12, Q3-4, процентиль 50 дейін – 5 мақала жарыққа шықты.

ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған тізім бойынша ғылыми журналдарда – 22 мақала жарияланды.

Ғылыми журналдардағы жарияланған ғылыми мақалалар (Web of Science және Scopus-тардан тыс) саны – 70 (Отандық мерзімді басылымдарда-19; жақын шет елдердегі мерзімді басылымдарда – 41; алыс шет елдердегі мерзімді басылымдарда – 10).

Отандық басылымдарда 1 монография жарияланып, 2 монография Ғылым комитетіне ұсынылды.

Әлемдік рейтингтік базалардағы Хирша (h) индексі бойынша ОПҚ саны: h=1 – 16; h=2 – 9; h=3 – 8; h=4 жоғары – 2.

## 1.4. SWOT-анализ

| **S (Strengths)–Күшті жақтары (ықтимал позитивті ішкі факторлар)** | **W (Weaknesses) – Әлсіз жақтары (ықтимал негативті ішкі факторлар)** |
|---|---|
| 1. Университетте халықаралық және ерекше мәртебенің болуы және ҚР мен ТР-ның қаржылық және зияткерлік ресурстарын пайдалану мүмкіндігі.<br>2. Түркияның жетекші университеттерінен ОПҚ тарту мүмкіндігі.<br>3. Өз құрылымында медицина мамандарын даярлайтын Қазақстандағы Халықаралық деңгейдегі бірінші көпсалалы университет болуы.<br>4. Білім алушылар үшін Қазақстан мен Түркия ұсынатын мемлекеттік білім беру гранттарының болуы.<br>5. Заманауи кампуспен инфрақұрылымның болуы.<br>6. Университетте әлемнің 19 елінен келген 27 түркі халықтары өкілдерінің білім алуы арқылы түркі тілдерінің бірегей (жанды) зертханасын құруы.<br>7. Ұлттық және халықаралық рейтингтерде университетелдің және аймақтың үздік оқу орындарының қатарына кіруі.<br>8. Заманауи талаптарға жауап беретін жаңа кітапхананы пайдалануға беруі, Халықаралық ғылыми базалардың толық мәтіндерге қол жетімділігі.<br>9. Білім алушылар үшін «тілді жетілдіру курсының (Foundation)» болуы, Лингвистиклық орталық арқылы білім алушылар, оқытушылар үшін тегін курстар ұйымдастырылуы.<br>10. Ғылыми-зерттеу орталықтарымен және Түркия Республикасының озық жоғары оқу орындарымен тығыз ынтымақтастық туралы меморандумдармен келісім-шарттардың болуы.<br>11. Профессор-оқытушылар құрамының, кафедралар мен факультеттердің жұмыс нәтижелері бойынша еңбекті бағалау және ынталандыру жүйесінің болуы.<br>12. Медициналық мамандықтағы білім алушылардың клиникалық дағдыларын дамытуға және оларды бағалауға арналған жақсы жабдықталған симуляциялық орталықтың болуы. | 1. Оқу-зертханалық базаның әлсіздігі<br>2. Оқу үдерісінде көптілді топтардың аздығы.<br>3. Жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен, оның ішінде түрік<br>4. Университеттерімен қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларының болмауы.<br>5. Докторанттардың диссертацияларын уақтылы қорғаудың әлсіз Көрсеткіші (түлектердің тек 40% уақытында қорғайды).<br>6. Жұмыс берушілер есебінен білім алушылардың үлесінің төмендігі.<br>7. ПОҚ тілдік құзыреттілігінің, сондай-ақ заманауи білім беру технологияларын меңгерудің әлсіз деңгейі.<br>8. Ағылшын және түріктілдерін меңгерудің төмен деңгейіне байланысты білім алушылар мен оқытушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелде оқу немесе тағылымдамадан өту мүмкіндіктерінің төмендігі.<br>9. Медицина мамандығы бойынша ғылыми дәрежеліліктің төменденгейі. Ғылыми дәрежесі бар жас оқытушылардың үлесі аз, ОПҚ – ның шамамен 24%-ы – 40 жасқа дейінгі жас оқытушылар, олардың тек 10.4%-ында ғана ғылыми дәреже бар.<br>10. Біліктілігімен әлемдік деңгейдегі тәжірибесібар, елеулі халықаралық іс-шараларды жоспарлауға және іске асыруға қабілетті мамандардың тапшылығы.<br>11. Симуляциялық орталықтың заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталуының төмендігі және ескіруі.<br>12. ЖОО түлектерімен байланыстың әлсіздігі және түлектер қауымдастығы жұмысының төмендігі.<br>13. Факультет ОПҚ ғылыми-зерттеу гранттарын алуға арналған конкурстарға қатысуының төмендігі. |

| | |
|---|---|
| 13. Университетте түркі тілдеселдермен қоғамдастықтар жастарының шоғырлануы.<br>14. Өзінің жеке клиникасының болуы. | 14. Клиникалық базалардағы оқу бөлмелерінің тапшылығы.<br>15. Клиникалық кафедра ОПҚ үшін клиникалық жұмыс атқару мүмкіндіктерінің төмендігі. |
| **O (Opportunities)–Мүмкіндіктер (ықтималды позитивті сыртқы факторлар)** | **T(Threats) – Қауіптер (ықтималды негативті сыртқы факторлар)** |
| 1. Түркістан облысының құрылуы және түркі әлемінің рухани орталығы Ретінде Түркістан қаласының жандануы Ахмет Ясауи университетінің дамуы үшін жаңа мүмкіндіктерге бастама болады.<br>2. Университетті екі мемлекет тарапынан қолдау. Түрік Университеттерімен кадрларды даярлау, бірлескен зерттеулер жүргізу, студенттердің ұтқырлығы және т.б. ынтымақтастық мүмкіндіктері.<br>3. Франчайзинг моделі бойынша жұмыс істеуге дайын Түркия университеттерімен стратегиялық серіктестікті кеңейту – (Gazi University, Hacettepe University т.б.).<br>4. Жұмыс берушілер тарапынан клиникалар студенттерді практикаға бағытталған оқытуды құру бойынша бірлескен ынтымақтастық ниетінің болуы.<br>5. Түркістан облысы бойынша медициналық мамандықтарға сұраныстың жоғары болуы.<br>6. Ағылшын және түрік тілдерінде жүргізілетін пәндер тізбесін кеңейту арқылы академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелдік жоғары Оқу орындарынан келетін студенттер санын арттыру мүмкіндігі.<br>7. Түркияда PhD докторантура бағдарламалары бойынша мақсатты оқыту арқылы ғылыми дәрежелі оқытушылардың үлесін арттыру мүмкіндігі.<br>8. Университет ғалымдары мен оқытушыларының ғылыми-гранттық байқауларға белсенді қатысу мүмкіндігі.<br>9. Университет деңгейінде ішкі біліктілік жетілдіру курстарынан өту мүмкіндігі.<br>10. Шетелдік зерттеу институттарымен ынтымақтастық, жетекші Халықаралық университеттермен өзара байланыс орнату және бірлескен зерттеу жобаларын жүзеге асыру мүмкіндігі. | 1. Университет орналасқан өңірдеірі кәсіпорындардың, салалардың және ғылыми орталықтардың болмауы.<br>2. Денсаулық сақтау бағытында жоғары білім беру саласындағы жоғары бәсекелестік.<br>3. Өңірде жас біліктімамандардың жетіспеушілігі.<br>4. Практикалық дәрігерлердің еңбек ақысының оқытушыларға қарағанда жоғары болуына байланысты мамандар ресурсының жетіспеушілігі.<br>5. Мемлекеттік грант негізінде қабылданатын білім алушылар контигентінің шектелуі. |

| | |
|---|---|
| 11. Жастар саясатын жандандыру, волонтерлік қызмет көрсету және әлеуметтік жобаларды іске асыру.<br>12. Факультетаралық интеграция негізінде бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.<br>13. Клиникалық және ғылыми-зерттеу базасы ретінде көпбейінді облыстық аурухана құрылысының жүруі. | |

## 2. БОЛАШАҚҚА КӨЗҚАРАС

### 2.1.УНИВЕРСИТЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МҰРАТЫ

Қазақстан мен Түркия ынтымақтастығы негізінде әлемдік деңгейде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін, Түркі әлеміне бағыт беретін білікті мамандар дайындайтын университет

### 2.2 МЕДИЦИНА ФАКУЛЬТЕТІНІҢ МҰРАТЫ

Ғылыми әлеуеті жоғары және денсаулық сақтау саласында білім мен тәжірибені инновациялық технологиялық жолымен ұштастырған, Түркі дүниесінде бәсекеге қабілетті медициналық білім беретін факультет

### *2.3. УНИВЕРСИТЕТ МИССИЯСЫ*

*Қожа Ахмет Ясауидің іліміне сүйене отырып, академиялық принциптерге сай зерттеу жұмыстарын жүргізетін, Түркі әлеміне бағыт беретін білікті мамандар дайындайтын университет*

### *2.4. ФАКУЛЬТЕТ МИССИЯСЫ*

Қожа Ахмет Ясауи іліміне сүйне отырып, ғылыми әлуетті үнемі өсіру негізінде денсаулық сақтауда Түркі әлемінде бәсекеге қабілетті мамандарды дайындайтын факультет

### 2.5. МАҚСАТЫ

Денсаулық сақтау саласындағы білімді, тәжірибені және ғылыми жаңалықтарды меңгере отырып, жалпы халыққа алғашқы және жоғары мамандандырылған үздіксіз медициналық көмекті көрсете білетін, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау.

### 2.6 ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Университеттің **негізгі құндылықтары** аясында медицина факультетініңқұндылықтары қалыптасады:

1. **Серіктестікпен құрмет:** факультет өз қызметінде құрылтайшы мемлекеттердің достық, теңдік пен мәдени айырмашылықтарға сүйенетін ұстанымдарын асқақ тұтады. Басты қағидатымыз – адамға, оның құқықтарымен қадір-қасиетіне құрмет. Біз бір команда болып, серіктестікте жұмыс істейміз әрі қай кездеде әріптестерімізді қолдауға әзірміз. Бір-бірімізге ізгі ниет танытамыз, жігер беріп, шабыт сыйлаймыз.
2. **Ашықтық пен сенім:** қызметімізді ашық жүргіземіз, мүдделі тараптардың бәріде, жалпы көпшілікте бәрін еркін көре алады. Факультет басшылығындағы лауазымды қызметкерлердің бәрі өз шешімдері, әрекеттері мен олардың салдарына жауап береді. Өз пікірімізді ашық айтамыз және өзгелердің пікіріне құлақ асамыз. Студенттерімізді, оқытушылар мен қызметкерлерімізді тыңдай аламыз, ести білеміз және олардың нақты қажеттерін түсінеміз. Бір-бірімізге арқа сүйеп, қоғамдық сенім мен әлеуметтік капитал қалыптастырамыз. Факультет ұжымындағы барша адаммен ұзақ мерзімді сенімді қарым-қатынас қалыптастырамыз.
3. **Әділдік пен адалдық:** факультеттіңОПҚ, қызметкерлері мен студенттерінің бәрі әділдік қағидатын ұстанады. Факультет басшылығы ешқашан ОПҚ, қызметкерлерді кемсітуге жол бермейді және оларды меритократияға сүйеніп басқарып, еңбегін құрметтейді. Білім беру және ғылыми қызмет процесінде академиялық этика, ар-ождан мен әдептің жоғары стандарттарын ұстанамыз әрі қолдаймыз.
4. **Біліктілік пен еңбекқорлық:** бүкіл ұжым мен студенттер еңбекке оң қарауға, табанды еңбек етуге және нәтижені көздеуге ұмтылады. Білім беру бағдарламаларын ертеңгі еңбек нарығындағы сұранысты болжай алатын, бәсекеге қабілетті етіп құруға

ұмтыламыз, толық кешенді құжаттамадан гөрі бізге сол маңыздырақ.

**5. Инновация мен бейімделгіштік:** жаңашыл көзқарас, белсенді ұстаным, ұйымдастырудағы икемділік пен ұтқырлықты бағалаймыз. Өзгерістерге дайын болу бастапқы жоспармен әрекет еткеннен маңыздырақ. Үнемі жақсы нәтижелерге жетуге жаңа мүмкіндік іздейміз. Сонда ғана әлемді жақсарта түсетін жаңа идеяларды ойлап тауып, оларды іске асырамыз.

## 3. МАҚСАТТЫ ИНДИКАТОРЛАР МЕН ТИІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІН АНЫҚТАУ

| **Факультет** | | **4. Медицина** | | |
|---|---|---|---|---|
| **Бағыттар, мақсаттар, міндеттер және көрсеткіштер** | **Өлшем бірлігі** | **2024** | **2025** | **2026** |
| | | **Жоспар** | **Жоспар** | **Жоспар** |
| **СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 1. ТҰРАҚТЫ ИНСТИТУЦИЯЛЫҚ ДАМУ** | | | | |
| **Мақсат 1.1 АЯУ корпоративтік басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз ету** | | | | |
| **Мақсатты индикаторлар** | | | | |
| ***Міндет 1.1.1 Корпоративтік басқаруды дамыту*** | | | | |
| 1.1.1.1 Факультеттегі жобалар саны | Саны | 1 | 1 | 1 |
| 1.1.1.2 Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу | Факт | + | + | + |
| ***Міндет 1.1.3 Адам ресурстары мен таланттарды басқарудың институционалдық саясатын әзірлеу*** | | | | |
| 1.1.3.1 Факультеттегі қызметке тартылған шетелдік мамандар үлесі | % | 5,5 | 6 | 6,5 |
| 1.1.3.2 ОПҚ ғылыми дәрежелілігі | % | 40 | 45 | 50 |
| 1.1.3.3 Халықаралық сертификаттармен расталған ағылшын және түрік тілдерін меңгерген ОПҚ үлесі | % | 18 | 19 | 22 |
| 1.1.3.4 Оқытылатын пәндер бейіні бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен оқытушылардың пайызы (72 сағ. кем емес) | % | 35 | 35 | 35 |
| 1.1.3.5 Біліктілікті арттыру курстарынан өткен оқытушылардың пайызы:<br>- сандық дағдылар<br>- оқу процесінде жасанды интеллектті пайдалану | % | 50 | 50 | 50 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| - инклюзивті білім беру<br>- студенттің бағдарланған оқытуына/білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін бағалау | | | | |
| **Мақсат 1.2 АЯУ имиджін және беделін нығайту** | | | | |
| **Мақсатты индикаторлар** | | | | |
| ***Міндет 1.2.1 Әлемдегі жетекші отандық рейтингтер мен университеттердің рейтингтеріндегі позицияларды жақсарту*** | | | | |
| 1.2.1.1 "Атамекен" рейтингінде үздік 25% - ға енген бағдарламалар саны | Саны | 1 | 1 | 1 |
| 1.2.1.5 QS-BY SUBJECT, ТОП-100 енгізілген бағдарламалар саны | Саны | 1 | 1 | 1 |
| ***Міндет 1.2.2 Білім, ғылым және денсаулық сақтау саласындағы жетекші отандық және шетелдік ұйымдармен жаһандық серіктестікті қамтамасыз ету*** | | | | |
| 1.2.2.1 Әлемдік жетекші білім, ғылым, денсаулық сақтау және мәдениет ұйымдарымен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар жасалған шарттардың (жаңа меморандумдардың) саны | Саны | 1 | 3 | 3 |
| 1.2.2.2 Ғылыми және инновациялық қызмет бөлігінде ірі бизнес өкілдерімен жасалған қамқорлықты қабылдау жөніндегі жаңа меморандумдар мен келісімдердің саны | Саны | 1 | 1 | 1 |
| ***Міндет 1.2.3 Өңірдің, елдің және түркі әлемі елдерінің қоғамының дамуына ықпалын күшейту*** | | | | |
| 1.2.3.1 6-74 жас аралығындағы цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған бейресми білім беру бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны | Саны | сәйкес емес | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1.2.3.2 Университетімізге тиесілі авторлық құқықпен қорғалған онлайн курстар саны | Саны | 1 | 1 | 1 |
| 1.2.3.3 Бейресми білім беру бағдарламаларындағы тыңдаушылар саны (Күміс университетінен басқа) | Саны | сәйкес емес | | |
| 1.2.3.4 БББ тыңдаушылар саны Күміс университетінің бағдарламалары бойынша | Саны | 0 | 3 | 4 |
| **СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 2. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮСТЕМДІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ** | | | | |
| **Мақсат 2.1 Аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы дайындау үшін білім беру экожүйесін құру** | | | | |
| **Мақсатты индикаторлар** | | | | |
| 1) Алтын белгі, Халықаралық олимпиадалардың, конкурстарының, спорттық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлер саны (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) | Саны | 3 | 3 | 4 |
| 2) Оқуды бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі | % | сәйкес емес | | |
| 3) Білім алушылардың білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану дәрежесі | % | 60 | 62 | 65 |
| ***Міндет 2.1.1 Халықаралық кампусты дамыту және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру*** | | | | |
| 2.1.1.1 Университеттегі халықаралық білім беру бағдарламаларының саны, оның ішінде ағылшын тілінде (қос диплом/бірлескен) | Саны | 0 | 0 | 1 |
| 2.1.1.2 Коэффициентке сәйкес студенттердің жалпы санынан ЖОО-дағы шетелдік студенттердің үлесі (сапалық көрсеткіш) | % | 13 | 15 | 17 |
| 2.1.1.3 Оқу процесіне тартылған шетелдік оқытушылар саны (кемінде 1 семестр) | % | 2 | 5 | 7 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ***Міндет 2.1.2 Білім беру бағдарламаларын тәжірибеге бағытталған талаптарды, отандық және әлемдік стандарттар талаптарын, аймақтық қажеттіліктерді және бейресми оқытуды ескере отырып жаңарту*** | | | | |
| 2.1.2.1 Халықаралық деңгейде аккредиттелген білім беру бағдарламаларының саны | Саны | 0 | 0 | 1 |
| 2.1.2.2 Салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындардың тапсырысы бойынша әзірленген инновациялық ББ үлесі | % | 0 | 1 | 1 |
| 2.1.2.3 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде триместр, семестр, оқу жылы мерзіміне шетелге кеткен білім алушылар үшін | % | 1,2 | 1,5 | 1,7 |
| 2.1.2.4 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде семестр, оқу жылы мерзіміне шетелден келген білім алушылардың үлесі | % | 0,7, | 0,9 | 1 |
| 2.1.2.5 QS рейтингісінің ТОП-700 қатарынан серіктес жоғары оқу орындарымен қосдипломды білім беру шеңберіндегі білім беру бағдарламалары | Саны | 0 | 0 | 1 |
| 2.1.2.6 ОПҚ-ның сыртқы (келгеу/кеткен) академиялық ұтқырлығының үлесі | % | 0,5 | 0,6 | 0,7 |
| 2.1.2.7 Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде семестр, оқу жылы мерзіміне келген/кеткен білім алушылардың үлесі | % | 0,3 | 0,4 | 0,5 |
| 2.1.2.8 ОПҚ-ның жалпы санына қарай жұмыс берушілер мен бизнес өкілдерінің үлесі | % | 11 | 12 | 13 |
| 2.1.2.9 Көптілді студенттік топтардың пайызы | % | 10 | 15 | 20 |
| ***Міндет 2.1.3 Қазіргі заманғы жоғары білім беру талаптарына сәйкес келетін сапалы оқу және ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету*** | | | | |
| 2.1.3.2 Инклюзивті білім беруді дамытуда білім беру бағдарламаларын өзектендіру, іске асыру жөніндегі жұмыс кезінде үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық қорлардың, қоғамдық бірлестіктердің тартылған өкілдерінің саны | Саны | 0 | 1 | 2 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2.1.3.4 Оқу процесінде әлемдік цифрлық кітапханаларды пайдаланатын білім алушылардың үлесі | % | 10 | 15 | 20 |
| 2.1.3.5 Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік базасын жаңарту (оқыту тілінде) | % | 5 | 5 | 5 |
| **Мақсат 2.2 Тұлғалық даму үшін қолайлы жағдай жасау және білім алушылардың қоғамдық белсенділігін арттыру (3-миссия)** | | | | |
| **Мақсатты индикаторлар** | | | | |
| 1) Ұйымдастырылған қоғамдық қызметке тартылған ЖОО білім алушыларының үлесі (университеттің қоғамдық өмірі,балалар үйлеріндегі, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған мектеп-интернаттардағы қайырымдылық акциялары, ҰОС және еңбек майданының ардагерлері үшін, марафондар, концерттік бағдарламалар, студенттік өзін-өзі басқару, клубтар мен қоғамдық ұйымдар, конкурстар,фестивальдар, флеш-мобтар, еріктілік, пікірталас) | % | 30 | 31 | 33 |
| 2) Студенттердің жалпы санынан студенттік үкімет мүшелерінің үлесі | % | 1,5 | 1,6 | 1,7 |
| ***Міндет 2.2.1 Білім алушылардың интеграцияланған әлеуметтік GPA енгізу*** | | | | |
| 2.2.1.1 Білім алушылардың жалпы санынан еріктілердің үлесі (балалар үйлеріндегі, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған мектеп-интернаттардағы, ҰОС және еңбек майданының ардагерлеріне арналған қайырымдылық акциялары, волонтерлік) | % | 1,4 | 1,5 | 1,6 |
| 2.2.1.2 Білім алушылардың жалпы санынан қоғамдық ұйымдардың (қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық) мүшелері үшін | % | 2,5 | 2,8 | 3,3 |
| 2.2.1.3 Білім алушылардың жалпы санынан қоғамдық іс-шаралар мен тренингтерге (университеттік, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық) қатысушылардың үлесі | % | 5,8 | 6,3 | 6,8 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 3. ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ** | | | | |
| **Мақсат 3.1 Зерттеу экожүйесін дамыту** | | | | |
| **Мақсатты индикаторлар** | | | | |
| 1) ГҚ/ БНҚ бойынша ҒЗЖ шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын жас ОПҚ үлесі (40 жасқа дейін) | % | 8/8,7 | 10 | 15 |
| 2) Ғылыми жобалардың жалпы санынан жүзеге асырылып жатқан халықаралық ғылыми жобалардың саны | Саны | 0 | 0 | 1 |
| 3) ҒЗЖ табыстарының көлемі | Факт, мың тг. | + | + | + |
| ***Міндет 3.1.1 Ғалымдардың ғылыми әлеуетін арттыру*** | | | | |
| 3.1.1.1 ҒЗТКЖ (ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстармен) айналысатын жас ғалымдардың саны (ГҚ/ҒТП, БНҚ бойынша, ҒЗИ жас ғалымдары, докторанттар және т. б. ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу) | % | 8/8,7 | 10 | 15 |
| 3.1.1.2 ГҚ/ БМҚ бойынша ҒЗЖ шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын ОПҚ үлесі (коэффициентке сәйкес) | % | 15/16,4 | 20 | 25 |
| *Міндет 3.1.2 Білім алушылардың ғылыми әлеуетін арттыру* | | | | |
| 3.1.2.1 Ғылыми жобалардың міндеттерін орындауға енгізілген барлық деңгейдегі білім алушылардың саны (ГҚ/ БМҚ бойынша ғылыми жобаларға тарту) | Саны | 4 | 6 | 8 |
| Мақсат 3.2 Ғылыми ізденістердің нәтижелілігін арттыру | | | | |
| **Мақсатты индикаторлар** | | | | |
| 1) Бюджеттен қаржыландырылатын іске асырылатын ғылыми жобалардың саны | Саны | 2 | 3 | 4 |
| 2) Республикалық бюджеттен (ГҚ) қаржыландырылатын конкурстарға берілген ғылыми жобалардың саны | Саны | 3 | 4 | 5 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3) Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын конкурстарға берілген ғылыми жобалардың саны (БНҚ) | Саны | 1 | 1 | 1 |
| 4) Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR жоғары рейтингілі басылымдарындағы мақалалар мен ғалымдардың шолуларының саны +20% | Саны | 14 | 17 | 21 |
| ***Міндет 3.2.1 Соңғы өнімі бар ғылыми зерттеулердің әлеуетін арттыру (практикалық қолдану/коммерцияландыру)*** | | | | |
| 3.2.1.1 Ғылыми-зерттеу қызметінің коммерцияланатын жобаларының саны | Саны | 0 | 1 | 1 |
| 3.2.1.2 Бюджеттен қаржыландырылатын барлық ғылыми жобалардың санынан коммерцияланатын жобалардың үлесі | % | 0 | 10 | 15 |
| 3.2.1.3 ЖОО-да қызметкерлер іске асырған стартап жобалардың саны | Саны | 0 | 1 | 1 |
| 3.2.1.4 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі (бұдан әрі – ҒҒТҚН) және қолданбалы ғылыми зерттеулердің коммерцияланатын жобаларын жеке қоса қаржыландыру көлемі (Жергілікті атқарушы орган, бизнес өкілдері) | Факт, мың.тг. | 0 | + | + |
| 3.2.1.5 Білім алушылардың стартап- жобаларының әр жылғы саны | Саны | 0 | 1 | 1 |
| ***Міндет 3.2.2 Ғалымдардың жарияланымдық белсенділігі мен жарияланымдарының сапасын арттыру*** | | | | |
| 3.2.2.1 Халықаралық рецензияланатын журналдарда (Scopus, WoS) жарияланған мақалалар саны (өткен жылы жарияланған мақалалар санына+20%) | Саны | 12 | 16 | 20 |
| 3.2.2.2 ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған тізімге сәйкес ҚР дерекқорындағы ғылыми индекс жарияланымдарының саны | Саны | 9 | 12 | 15 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3.2.2.3 H-индексі (Хирша индексі) алты (6) және одан жоғары ғалымдар саны | Саны | 1 | 1 | 1 |
| 3.2.2.4 Ғылыми монографиялар/кітап тарауларының саны (Scopus, WOS) | Саны | 0 | 0 | 1 |
| **Міндет 3.2.3 Ғалымдардың инновациялық белсенділігін арттыру** | | | | |
| 3.2.3.1 Мемлекеттік бюджет есебінен іске асырылған ҒЗЖ шеңберінде алынған патенттер саны | Саны | 1 | 2 | 3 |
| 3.2.3.2 Халықаралық деңгейдегі патенттер және жіберілген өтінімдер саны (әр жылғы) | Саны | 0 | 0 | 0 |
| 3.2.3.3 Өндіріске/оқу процесіне енгізілген ҒЗЖ нәтижелері | Факт | + | + | + |

## 4. СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 4. КЛИНИКО-ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТЫ ДАМЫТУ

| № | Даму бағыттары | Жоспарлы кезеңнің бастапқы мәні | Орындалу мерзімдері | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2024 | 2025 | 2026 |
| 1 | Медицина факультеті кафедраларында сабақ беретін клиникалық база дәрігерлері (%) | 25.6 | 26 | 28 | 30 |
| 2 | Клиникалық база дәрігерлерімен бірлескен ғылыми зерттеулер (саны) | 0 | 0 | 1 | 1 |
| 3 | Медицина кластері базасы негізінде медицина қызметкерлерінің біліктілігін жетілдіру курстарын ашу | 0 | 0 | 1 | 2 |

## 5. МОНИТОРИНГЖӘНЕБАҒАЛАУ

2024-2026 жылдарға арналған Даму жоспарындағы негізгі міндеттерінің бірі - факультет басқаруды және университет басшылығының шешімдер қабылдау процестерін қолдайтын тиімділікті мониторингтеу мен бағалау жүйесін әзірлеу және енгізу. Осыған орай, 2024 жылдан бастап Даму жоспарда ұсынылған тиімділік көрсеткіштері алты айлық және жылдық кезеңдерде бақыланатын болады, сондай-ақ оны жақсарту және анықталған кемшіліктерге қатысты шаралар әзірлеу жөніндегі іс-шараларға бастамашылық жасалатын болады. Мониторинг кезінде қолданылатын тиімділік көрсеткіштері айтарлықтай дәрежеде анықталған, бірақ олар өзгеретін орта мен жағдайларды ескере отырып түзетілуі мүмкін.